**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-9-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): Орал қаласы.

Аудан (район): –

Тегі (Фамилия): Юсиф

Аты (Имя): Баян

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин атындағы №11 ЖББОММИ.

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
ҚН-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Баланың пікірін ескеру қағидаты: отбасылық дауларда жүзеге асу ерекшелігі".

Бала – мемлекеттің үміт күтер тұлғасы. 1-17 жасқа дейінгі балалар жасөспірімдер, бала 18 жас – кәмілет жасына толғаннан кейін бала өзіне жауапкершілік ала алатын тұлға болып есептелінеді дәлірек айтқанда, ~~(ересек)~~ ересек тұлға болып есептелінеді. Неке туралы кодекс 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданды. Отбасы дауларындағы мәселе бойынша баланың пікірі, оны ескеру ата-ананың міндеті. Неге десеңіз, баланың ең жақыны, оны түсіне білетін, оған жауапкершілік алатын тұлға – ата-ана.

Отбасында дау шығуы қалыпты жағдай. Бірақ, қалыпты екен деп баланың пікірін елемеу, оған шектеу қою, құқығын шектеуге болмайды. 1989 жылы „Бала құқықтарын қорғау" туралы конвенция қабылданып, 2002 жылы Қазақстан Республикасында радификацияланды. Отбасылық даулар шектен шығып, ажырасу мәселесіне алып келген жағдайда соның болмауына алдын алу мақсатында бейюристистикалық тарап сол ойдан айнытуға әрекет жасайды. Бейюристистикалық тарап дегеніміз: отбасындағы отбасы мүшелері, мекемелер, жұмыс жасайтын орындағы, мектептегі мұғалімдер. Әрине, бұл тараптарда құлақ аспаушылары да қалыпты. Не дегенмен Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 1-бабында: Қазақстанда әр Қазақстан азаматының бостандығы, еркіндігі, құқығы бірінші орында делінген. Егер, отбасылық дауларда баланың пікірі ескерілмесе не болуы мүмкін? Жалпы отбасында әрдайым бір-бірін түсіне алатын, бір-біріне қолдау көрсете алатын адамдар болуы керек. Ондай баланың өмірін шешетін маңызды оқиғаларда баланың пікірі ескерілмесе, бала өзін жалғыз сезініп, психологиясына жер етеді. Ондай баланың құқықбұзушылыққа баруы белгілі зат. Мәселен, ауыр жазалардың бірі – Қылмыстық кодекстің 99 бабы бойынша адам өлтіруі. Қылмыстық кодекстің 188 бабы – ұрлық жасауы. Әр отбасында әртүрлі устанымдар болуы мүмкін әрине. Дегенмен, баланың құқығы әрқашанда ескерілуі тиіс. Отбасылық дауларда да баланың пікірі ескерілуі керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Бала – ешқашанда өзінің ата-анасынсыз жарақта өмір сүріс келмейді. Баланың пікіріне құлақ асу – көптеген шешімдерді дұрыс шешуге септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, баланың пікірін – оның өмірін шешетін мәселелерде ескере білу керек. Ата-анада балаға жауапкершілік алған жерде де, дұрыс тәлім-тәрбие беріп, баланың пікірімен санасу қажет. Б. Момышұлы айтқандай, „Ұяда не көрсең, ұшқанда соны іледің" есімізде болсын, балада ертеңгі, ересек өмірге қадам басады. Онымен қоса, бала – еліміздің ертеңі, үміт күтер азаматы. Баланың пікірін қай-қай жағдай болмасын ата-ананың міндеті – ескеру, пікір алмасу.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-9-04
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық

Облыс/қала (область/город): Орал

Аудан (район): БКО

Тегі (Фамилия): Кобиктиева

Аты (Имя): Айлана

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат №42 ЖББОММ ЛИ

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ

«Баланың пікірін ескеру қағидаты: отбасылық дауларда жүзеге асу ерекшелігі»

Ең алдымен, Қазақстан Республикасы 1991ж тәуелсіздігін алғаннан бері, құқықты мемлекет болып саналады. Яғни мемлекетте әр азамат өз құқығын толықтай қорғай алады. Бұл Қазақстан Республикасының жалпыға орта заң, яғни ата-заңымыз Конституция бойынша бекітілген. Конституция 1995ж 30 тамызында қабылданып, елде бай н/е кедей деп бөлінбей, заң бәріне ортақ деп есептеледі. Яғни әр азамат (бала н/е ересек) өзінің материалды жағынан қарамастан, мемлекет алдында заң бойынша өз құқығын қорғайды немесе сол үшін жауап беруге міндетті.

Бала мен ата-ана арасындағы немесе бала мен отбасы арасындағы қарым-қатынас әлемдегі ең жылы болып келеді. Бірақ бала мен ата-ана дегеніміз кім? Бала дегеніміз - 18 жасқа толмаған жасөспірім, ол мемлекеттің н/е ата-ананың қамқорында болады. Ал ата-ана дегеніміз - әке/ана баланың заңды қамқоршылары, олар дүниеге алып келген баланы кәмелет жасқа толғанша толықтай қамтамасыз етуге, тәрбиелеуге міндетті. Тақырыптың басты мазмұны - бала құқығы және отбасы арасындағы мәселелерді "бала құқығын" ескере отыра шешу. Тақырыптың өзектілігі болса - Қазақстанда бала құқығы сақталған ба?.

1989ж 20 қарашада дүниежүзілік "Бала құқығы туралы конвенция" туралы жарлық шықты. Жарлықтың басты мақсаты әлем бойынша, барлық мемлекеттің балаларының құқығын сақтау. Дүниежүзілік конвенциядан кейін, Қазақстан да мемлекет ішінде бала құқығы жайлы заң қабылдайды. Заңға сәйкес 8 бабта - бала өмір сүруге, өзі шешім қабылдауға құқылы. Қазақстан заңының 19(бабы) бабына сәйкес - бала демалуға, өз уақытын пайдалануға, үйірме уақытын таңдауға т.б құқылы. Осыған өмірлік жағдаят келтіретін болсақ, кәмелет жасқа толмаған жасөспірімнің мектептен кейін ұзақ уақыты болады. Және сол уақытта ол демалуға жұмсайма н/е үйірмеге, қосымша сабаққа жұмсайма өз еркінде. Егер үйірмеге баратын болса, өз қызығушылығына байланысты шешім



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

қабылдай алады. Оған бөгде біреу, тіпті ата-анада араласа алмайды. Бұл бап балаға өмірлік жолында өзі шешім қабылдауға үйретеді. Және баланың пікірін ескеру маңыздылығын ата-анаға да, қоғамға да көрсетеді. Қазақстан заңының 29 бабына сәйкес бала медициналық көмек алуға құқылы. Яғни 18 жасқа толмаған жасөспірім тегін медициналық көмек ала алады. Жазраятқа сүйенсек, бір тұлға материалды тұрғыдан өзін емдете алмайды, бірақ ол 18 жасқа толмағаннан соң, ол мемлекеттен көмек күтеді. Яғни мемлекеттік аурухханалар ҚР азаматына тегін қызмет көрсету-ге міндетті.

Отбасылық дау дегеніміз не? Отбасылық дау - отбасы мүшелері арасындағы ұрыс. Ол юристикалық және бейюристикалық жолмен шешіледі. Тақырыптың басты назары "бала", егер отбасыда әке мен ана екіге кетсе, екі мүшенің біреуі н/е екеуіде "алимент" төлеу қажет. Алимент - заңды тұрғыда, баланың заңды мүшесі беретін ақша. Яғни осылай баланың материалды құқығы қорғалады. Бірақ адамгер-шілік тұрғысынан отбасылық дауды жаймен, ақылмен баланың шешімін тыңдап шешу қажет.

Қорытындылай келе, бала - болашақтың кепілі. Тәуелсіз Қазақстанның болашақ ұрпағы қазіргі жастар. Сондықтан да мемлекет жас ұрпақты, ұлттық кадрді толық-тай, қамтамасыз етіп, білімді ұрпақ шығару керек. Ал баланың құқығынан басқа, басты міндеті - білім алу. Қазіргі жас ұрпақ, ертеңгі болашақтың негізі,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА**

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-9-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері.

Облыс/қала (область/город): Батыс Қазақстан, Орал.

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Қартабай

Аты (Имя): Айгерім.

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 О.Б. Ә.О.И. М.Л.И.

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ.

Қазіргі қоғамда бәрі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған уақыт орнаған деседі. Бәрі өте әділ жолмен, бірегей, өзгелердің ойымен келіседі, бәрі тәртіпті түрде, еш зиянсыз, адамдардың бір-біріне залалсыз орын алады дейді. Бір ғана сұрақ: шынымен де ме? Бұл сұраққа шамамен 15-17% адам ғана „иә" деп жауап береді, ал қалғандары үзілді-кесілді „жоқ" деп айтары сөзсіз. Себебі қазіргі кезеңде тәртіптен де (жоғары) үстемдігі жоғары, күн сайын, әр жерде орын алатын бір іс бар: Құқықбұзушылық. Және ол жайлы бәрі біледі. Ол міндетті түрде қылмыс емес, жай ғана кәмелетке толмаған жасөспірімнің заңды (442-бап) өкілінің ертуінсіз түнгі уақытта үйінен тыс жерде жүруі секілді шағын ғана әрекеттер де бола алады. Өздеріңіз білетіндей құқықбұзушылықтың үш түрі болады: 1) азаматтық.

2) әкімшілік

3) қылмыстық.

Ендігі екінші пункт, яғни, әкімшілік құқықбұзушылық жайлы сөз қозғар болсақ, 2014 жылы 5 шілде күні қабылданған „Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" кодексінде әр жағдайы тоқталып, талданып, айтылған. Қазірде құқықбұзушылықтың осы бір түрін кәмелетке толмағандар істеп жатады. Көбінесе, балағат сөйлеу, жеке тұлғаларға тиісу, тыныштықты бұзу сынды әрекеттер. Бұл әрекеттерді 434-435-~~449~~ баптар қарастырады. Сонымен қатар қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі кәмелетке толмағандардың вандализмі (448-бап). Орынсыз жерлерде (зират, ғимарат, т.б) мағынасы жоқ суреттерді салу дұрыс емес деп білемін. Себебі бұл өзгенің мүлігіне, қоғамның, мемлекеттің мүлкіне нұқсан келтіріп, шығындарға кіргізеді.

Бұл жайттардың бей-жай қалмайтыны белгілі. Әр іс үшін адам өтеуін өтейді. Қазақтың бір керемет сөзі бар: ~~(Мойныңмен іст)~~ „Қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтер". Алайда бұл құқықбұзушылықтың жазасы қылмыстық құқықбұзушылықтың жазасы өтеліміндей аса ауыр емес, көп жағдайда айыппұл төлеумен іске асырылады. Егер кәмелетке толған болсаң өзің өтейсің, кәмелет жасына жетпесең ата-анаң төлеуге міндетті.

Қайтадан кәмелетке толмаған жасөспірімдердің әкімшілік құқықбұзушылығына оралсақ, бұл жайттардың орын алу себебі неде? Отбасындағы берілген тәрбиенің жеткіліксіз не дұрыс болмағанында ма? Әлде ақыл тоқтатпай, бақылаусыз жерде істеуінде ме?



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қай-қай себеп болсын істеген ісіне әр адам жауапкершілік алатыны белгілі, алайда осы бір себептерді ашып қарастырсақ, бірінші себеп : тәрбиеден. Егер де осы себеп болатын болса баланың ата-анасы ҚР КК 140-бабына сәйкес балаға дұрыс тәрбие бермеу себебімен жауапқа тартылады. Неге? Себебі: 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданған (Неке) „Отбасы мен неке құқығы" кодексінде отбасындағы ата-ана міндеттерінің бірі ретінде : балаға дұрыс тәрбие беру, дұрыс адам болып шығуын қадағалау көрсетілген. Енді екінші себепті айтсақ, „бағалаушылық әсері". (Бұл сылтау болса да себеп бола алмайды.) Бұл жағдайды орындауға сылтау болар бәлкім, бірақ жағдайдың жазасынан, өтемінен қашуға себеп болмайды. Егер осы себептен жазадан арылсаң, қоғамның қазіргі ішінен одан әрімен кетеді емес пе? „Заң бәріне ортақ" деп Монтескье айтпаушы ма қылмысты жасаған адам жасы болсын кәрісі болсын, жазасын көтеретіні де солар.

Қорытындылай келе, тәрбие адам өміріндегі ең маңызды қағида. Бес саусақ бірдей емес дегенмен жазаланған адамның өзгеше, істеген ісінен сабақ алуы бәрінде бірдей орын ала береді. Сондықтан да тәрбиенің үстемдігі жазадан есесеп жоғары. Аргумент ретінде: тәрбиесі бар адам бұндай істерге бармас еді! Бұдан шығатын түйін: ата-ананың айтқан ақыл-кеңестерге мән беріп, қоғамда орын алып жатқан жайттарды қарап, өз еліңізге, жеріңізге, қандастарыңызға, тәуелсіздігіңізге жүйелердің бірі болатын 1995 ж. 30 тамыз қабылданған ата-заңымызға құрметпен қарау. Өзге біреу құқықбұзушылыққа барса, [illegible] бетіне басып, сөз сөйлейтініңіз жақсы емес, өзіңіз (болсаңыз) де сол бір жайттарды істеп жүргеніңізден бейхабармыз. (Содан айтарым) Бұл сөзді (Шәкәрім атамыздың сөзімен) „Өзгеден мін іздегенше, өзіңді түзе" деп қорытындылаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚЖ-9-03
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық

Облыс/қала (область/город): Орал, Б.Қо.

Аудан (район): (Орал)

Тегі (Фамилия): Бақтыгали

Аты (Имя): Ернат.

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 ДБАОММЛИ.

Сынып (Класс): 9 сынып.

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ

"Әкімшілік айыппұлдардың әсері: жаза мен тәрбиенің арақатынасы.

Айыппұл – жеке тұлғаның қоғамға, мемлекетке, басқа да бір азаматқа келтірген зиян әрекетіне деген жазалау әдісі. Бұл орайда әкімшілік айыппұлдың өзіне тән бұзақылық пен теріс әрекетке берген жазасы болып табылады. Ал жаза мен тәрбиенің арақатынасы қандай? Олардың айырмашылығы айтарлықтай үлкен бе?

(Меңі) Менің ойымша, (з) жаза бұл тәрбиелеу процесіне қарағанда едәуір ауыр немесе көп кезде үлкен жауапкершілікті талап ететін әкімшілік айыппұлдың әсері. Ал тәрбие бұл сотқарлыққа не (кі) кішігірім бұзақылық пен жаман әдеттен арылту дағдысы. Бұның бәрі де ҚР "Әкімшілік құқықбұзушылық" кодексінде толығымен кең ауқымда баяндалған. 2014 жылдың шілде айының 5 күні бекітілген бұл әкімшілік құқықбұзушылық туралы құқықтық нормалар жиынтығында жаза мен тәрбиенің айырмашылығы айқындалған. Мысалы: оны тағайындау барысында ескерілетін критерийлердің қолданылуы:

• Зиян келген жеке тұлғаның немесе мемлекеттік органның мазасызданған ескеру;
• Залал мөлшерін жүйелеу;
• Уақытын, орнын бақылау;
• Адамның жеке басының өзін басшылыққа алу.

Міне, осылар бізге жаза мен тәрбиенің арақатынасын сипаттауға көмектеседі. Оның жеке тұлғаға әсерінің оң және теріс жағы болады. Мысалы: тұлғаның іс-әрекеттері дұрысталып, қоғамға қайта алып келіп, қоғам үшін "ыңғайлы адам" бола бастайды. Ал ты-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ріс жолы: тұлғаның тәрбиелеу мен жазалау барысында керісінше мінез-құлқының теріс жаққа бет бұрып, қоғамға деген өшпенділік қалыптасуына әкеп соғады. Міне, бұл да біз олардың арақатынасына оңай табатын кілт. (ө)

Қорытындылай келе, мен әкімшілік айыптылардың әсері! жаза мен тәрбиенің арақатынасын ~~([illegible])~~ осылайша қағаз бетіне түсірдім. Бұл барыста олардың қолдану мақсаты мен алсын айқындап көрсеттім және айырмашылығын ұштадым. Жаза мен тәрбиенің арақатынасын ажырату мен білу адамзаттың "ұтымды қоғам" құруына көмек беретініне нық сенемін.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-10-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): БҚО, Орал қаласы

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Муратова

Аты (Имя): Дилназ

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ДБОММИ

Сынып (Класс): 10 сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): ______

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Эссе

Қазақстан Республикасының конституциялық реформалары: құқықтық мемлекетті нығайту жолы

"Қазақстан Республикасы 1991 жылы өз тәуелсіздігін алған соң, өзінің даму жолын анықтап, халықаралық аренаға шығу керек еді. Дәл осы мақсатпен 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына қосылып, өзінің саяси режимін, заңдарын құрды. Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет атанды. Бұл туралы 1995 жылы 30 тамызда жалпыұлттық референдумда қабылданған Конституцияның 1-бабында былай делінген: „Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, унитарлы, әлеуметтік, құқықтық және демократиялық мемлекет. Құқықтық мемлекет - адам, оның өмірін мен бостандық тарих, құқығын қорғайтын, оны өзінің ең басты құндылығы санайтын мемлекет". Дәл осы бап Қазақстан Республикасының даму жолын қалыптастыра қоймай, еліміздің ішкі құрылымындағы, қоғамдағы қатынастарды реттеуде негізгі „тірек" қызметін атқарады.

Құқықтық мемлекет - азаматтық қатынастарды, қоғамды қолдайтын, адам өмірін қорғайтын ел. Аталмыш мемлекеттің байлығы - адам саналатындықтан, бюджетті де әлеуметтік-тұрмыстық салаларға құяды. Ал, өмір сүру сапасы жоғары елдердің өз кезегінде, демографиясы да, экономикасы да жақсы деңгейде болары сөзсіз. Сондықтан, көптеген елдер „құқықтық мемлекет" атануды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда, Қазақстан өз азаматтарының жақсы қорғалуын қамтамасыз ету шарасын одан сайын күшейтпекші. Менімше, бұл „Жаңа Қазақстан" қалыптасуына өз септігін тигізер еді. Мысалы, 2025 жылы 8 қыркүйекте республика президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жыл сайынғы үндеуінде жасанды интеллект, бірпалаталы парламенттен бөлек әйел құқығы, соңғы екі жылда болған зорлық-зомбылық жайлы айта кеткен еді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бұл да мемлекет тарапынан қоғамда жасалатын қылмыстар мен адам құқығына қарсы жасалатын құқықбұзушылықтарға қарсы шаралар жоспарланып отырғанын білдіреді.

Конституция баптары „құқықтық мемлекет" ұғымына қарсы келмейді, керісінше, бұл ұғымды негізге ала отырып, заңдар құрады. Осындай терминдердің бірі - құқыққа қабілеттілік. Құқыққабілеттілік- әр адамға берілетін өмір сүру, қалаған жерде өмір сүру, заң шегінде белгілі бір бостандықтарға ие болу құқықтары. Бұл құқықтарды ешкім тартып ала алмайды және ол адам қайтыс болғаннан кейін ғана жойылады. Құқықтық мемлекет, өз кезегінде, белгілерді: биліктің бөлінуі, саяси режим, биліктің халық қолында болуы сындыларды қамтиды. Биліктің бөлінуі атқарушы, заң шығарушы және сот билігін білдірсе, саяси режим - авторитарлық, тоталитарлық, демократиялық басқару саясаты мен монархия, парламенттік, президенттік басқару түрісін меңзиді. Осының барлығы Қазақстанның ішкі басқару құрылымын реттеп қоймай, сыртқы идеологиялық саясаттың түрін анықтайды. Кейін, ұқсас не бір мақсатты ұстанатын елдер арасында өзара экономикалық, экологиялық және мәдени одақ-ұйымдар құрылады. Мысалы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық қауымдастық сынды дүниежүзілік одақтар (елдер), біздің ел сияқты құқықтық елдерден немесе ұқсас идеологиялық көзқарас ұстанатын елдерден құралуы әбден мүмкін. Сондықтан, Қазақстан Республикасының „құқықтық мемлекет" саясатын тек ішкі өзгеріспен шектеу қате деп білемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтіре келе, мынандай байламға келдім. Қазақстан халықаралық сахнада өсу мен азаматтарын қорғау үшін „құқықтық мемлекет" саясатын таңдады және бұл XXI ғасырдың бейбіт заманына лайықты шешім



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

деп білемін. Бұл жол – мемлекеттің даму жолы, жаһандану кезеңінде келетін өзгерістердің тек басы. Сол айтам 1787 жылы АҚШ-та пайда болған бұл атаулы саясат болашақта Қазақстанда жаңа үлгіде жаңары сөзсіз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-10-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): БҚО, Орал қаласы.

Аудан (район): —

Тегі (Фамилия): Максотова

Аты (Имя): Диляра.

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ДДАОММЛИ.

Сынып (Класс): 10

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ тілі.

# Эссе.

## „Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жазадағы құқықтық және тәрбиелік ықпалы"

ҚР-сының құқықбұзушылық екі түрге қылмыстық және әкімшілік деп бөлінеді. Әкімшілік құқықбұзушылық қылмыстық құқықбұзушылыққа қарағанда қоғамға аса қауіпін төндірмейді, сол себепті де жазасы жеңіл болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының „Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" кодексі 2015 жылы 2 қараша күні қабылданған болатын.

Әкімшілік құқықбұзушылыққа негізінен 14 жастан бастап тартылады. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Конституциясының 435 бап Ұсақ бұзақылық, 436 бап Алкаголь, ішімдік ішу, 437 бап жасөспірімнің түнде көшеде үлкендердің қараусыз жүруі сынды бұзақылықтар жатады. Ұсақ бұзақылық- қоғамдық орындарда өзін дөрекі ұстау, балағат сөздер айту, қоғамдық орындарды ластау, бүлдіру (жарларды бояу, үйлерге сурет салып кету) тәрізді істерді жатқызуға болады. 437 бап Жасөспірімнің ата-ана, үйменің, қамқоршының қараусыз өзі жалғыз не басқа кәмелетке толмаған достарымен жүруіне тыйым салынады. Жасөспірім түнгі сағат 22:00 ден 6:00 дейін көшеде жүрмей, үйде болуын ата-ана қадағалауы қажет. Егер жасөспірім түнде көшеге шықса, оның қасына міндетті түрде сенімді, кәмелет жасқа толған, баланың, өзінің өміріне жауап бере алатын адамды жіберу қажет.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Негізінен кәмелет жасқа толмағандар әкімшілік құқықбұзушылық бұзатын болса, оған мынадай жаза түрлері қолданылады: 1) ескерту; 2) айыппұл; 3) түзету жұмыстары негізгі жаза түрлері болып табылады. Балаға ескерту жасалып, ата-анасына „Балаңыз осындай бұзушылық жасады" деп хабарлайды. Кейбір кезде жасаған ісіне қарай айыппұл талап етеді. Енді түзету жұмыстарына келетін болсақ, қосымша бос уақытында жеңіл жұмыс атқарады. Түзету жұмыстары арқылы бала өз қатесін түзеп, түсініп, жұмыстың, істің оңай емес екендігін біледі. Бірақ балаға жұмыс ауыр, уақыты көп, жүк болатындай қиын болмауы тиіс, мұны да естен шығармау қажет. Егер де әкімшілік құқықбұзушылық бірнеше рет бір баладан қайталана беретін болса, оны үй режиміне қалдырады. Жаза ретінде оны бақылап, үйден ешқайда шығармай, оқытады. ~~(Бұл да бала өз қатесін түсініп, тәрбиеленуіне көмектеседі)~~

~~(Қорытындылай келе)~~ Айта кететін жайт, әкімшілік құқықбұзушылықтың тағы да бір жаза түрі әкімшілік қамаққа алу болып табылады. Оны өз қатесін түсінгенге дейін, тәулікке қамауда ұстайды.

Қорытындылай келе, кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік жазалардың құқықтық және тәрбиелік ықпалы зор. Ата-ана баланы тәрбиелей алмаса, оған мемлекет араласуына құқылы. „Тәртіпке бағынған құл болмайды" деген заңға қайшы, тәртіпсіздік көрсететін бала ешқашан тұлға болып қалыптаспайды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚҚ-10-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

Тұлға болып, елдің азаматы болып тек заңды білетін, елді сақтайтын жастар ғана елдің көркеюінің, алдыңғы қатарлы ел болуының бастамашысы болмақ. Сондықтан қазірден бастап, баланы дұрыс тәрбиелеу маңызды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-10-03
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): Орал

Аудан (район): –

Тегі (Фамилия): Айсалашева

Аты (Имя): Айназ

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 ЖБАОМЛИ

Сынып (Класс): 10

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

Әлеуметтік қоғамда күнделікті өмірде әртүрлі құқықбұзушылықтар орын алады. Олардың жиі кездесетін түрі - әкімшілік құқықбұзушылық. Заңды бұзған әр тұлға не лауазымына, не жынысына қарамастан бірдей жаза түрін өтейді. Алайда ескерілетін бір ғана нәрсе - құқықбұзушының жасы. Яғни жаза тағайындалар кезде тұлғаның кәмелет жасы ескеріледі. Кәмелет жасқа толмағандарға қатысты әкімшілік жаза тағайындау оның тұлғалық басына, құқықтық және тәрбиелік басына тікелей ықпал етеді.

Кәмелетке толмаған балалардың мүддесін 1989 жылы 20 қарашада қабылданған "Бала құқықтары туралы" Конвенциясы және еліміздеі 2002 жылы 8 маусымда қабылданған бала құқықтары туралы Кодексі қамтамасыз етеді. Оған қоса, 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданған Неке және Отбасы Кодексінің 69-75 баптарына сәйкес, баланың тұлға ретінде қалыптасуына, және тәрбиесімен мінез-құлқына ата-анасы жауапты. Егер бала ата-ана назарынан тыс әкімшілік құқықбұзушылық жасаса бала үшін ата-анасы жауапты. Кәмелетке толмаған бала үшін ата-анаға 10 АЕК-тен аспайтын айыппұл салынады. Кейбір жағдайда жаза түрі айыппұлмен ғана шектеледі. Кәмелетке толмаған балаға әкімшілік жаза қолдану оның жасаған әрекетінің бұрыстығына көз


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жеткізуге итермелейді. Заңның міндеті балаға жай жаза қолдану емес, жоқ өз қатесін түсініп, тәрбиелік идеологиясына оқыпа етіп, саналы, құқықтық тұрғыда білімді ұрпақ қалыптастыру.
Көпшілікке тағалаған бала ұсақбұзақылық, вандализм, заңды бұзу, тыныштықты бұзу секілді құқықбұзушылықтар жасайды. Осылардың ішінен тіпті ең қарапайымы түнгі уақытта көшеде жүру оларды әкімшілік жазаға итермелейді. ҚР әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 442 бабына сәйкес, бала түнгі уақытта, яғни 23:00 - 6:00 аралығында ата-анасыз көшеде жүрсе, ата-анасына айыппұл салынады. Бұл қарапайым ережелердің өзі балаға құқықтық тұрғыда тәрбиелеп, құқықбұзушылықтың алдын алады.
Кез-келген құқықтық мемлекет елде заң үстемдік етіп, ондағы азаматтардың құқықтық білімді, саналы әрі тәрбиелі болып өсуін көздейді. Әкімшілік құқықбұзушылықтың сипаты қылмыстық құқық бұзушылыққа қарағанда едәуір жеңіл. Жеңілдігіне қарамастан құқықбұзушы тиісті жазасы тағайындалады. Бұл баланы мұқалды тұрғыда тәрбиелеп, сана-сезіміне жер етеді. Соның арқасында ауыр құқықбұзушылықтардың алдын алап, сауатты


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ұрпақ тәрбиесіне жол ашылады. Кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік жаза қолданудың құқықтық және тәрбиелік ықпалының мәні осында.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-10-04
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық

Облыс/қала (область/город): Орал, БҚО

Аудан (район): ____

Тегі (Фамилия): Мұхамбетова Наргиз

Аты (Имя): Наргиз

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ЖББОМ

Сынып (Класс): 10

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ тілі

« Қазақстан Республикасының конституциялық реформалары құқықтық мемлекетті нығайту жолы»

Бүгінгі таңда еліміздің басшысы Қасым Жомарт Тоқаев, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған конституцияда, жаңа конституциялық реформалар мен толқулар енгізуде. Ол мәселе 2022 жылы 16 наурызда президентіміздің „Жаңа Қазақстан" атты бағдарламасын ұсынудан бастауын алады. Ол жаңа реформалар еліміздің құқықтық мемлекет сипатын ашуға бағытталған. Қазақстан Республикасының 1 бабында жазылғандай, ҚР демократиялық, құқықтық, зайырлы ел. Соған байланысты заң шығарушы органдар жаңа реформаларды шығара отырып, құқығымыздың сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Жалпы құқықтық мемлекет дегеніміз бұл адам өмірі мен бостандығын, бірінші орынға қоя отырып, барлық құқықтық-нормативтік актілерге, мінез құлық ережелеріне өз заңдарын құрайтын ел.

Қазақстан Республикасы соған жету үшін жаңа реформалар, заңдар құруда. Соның ішінде президентіміздің 2025 жылы 17 қарашада күнгі жасанды интелект заңына қол қойы туралы айта кетпеу мүлдем мүмкін емес. Жасанды интелекттің артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы елбасымыз халыққа жасаған жолдауында атап өткен. Жолдау 2025 жылы 8 қыркүйек күні болған. Біз осы жасанды интелектті енгізу арқылы, халқымыздың жеке информацияның таралуына жол бермей, құқығымыздың демократиялық сипатта сақталуын одан әрі жетілдіре аламыз.

Сонымен қатар жаңадан шыққан салық кодексі де еліміздің құқықтық мемлекет болудағы дұрыс жолымыздың айқын дәлелі. Осы кодекс бойынша ҚБР пайызы 12%-16% дейін артады. Сондай-ақ 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ол күшке енгеннен кейін, еліміздегі ең өзекті мәселелерінің бірі шешіледі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

103 жәрдем көмек көрсету жерінде, күнде қалалайтын халыққа көмек көрсетіп жатқан адамдардың, өрт сөндіру жерлерінде өз өмірлерін күнде үлкен қауіп қатерге түсіретін адамдардың жалақысы көтеріледі. Бұл нағыз құқықтық мемлекеттің белгісі.

Қорытындылай келе, қазіргі таңдағы құқықтық мемлекетті жасауға бағытталған, шығарылып жатқан жаңа реформалардың барлығы жүйдан жасалмай, мемлекетіміздің тек алға дамуын өркендеуін ғана көздейді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі

Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚН-11-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): Орал қаласы

Аудан (район): –

Тегі (Фамилия): Мұтиғолла (Шұғыла)

Аты (Имя): Шұғыла

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. ДБАОММЛИ

Сынып (Класс): 11

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақша

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
ҚН-11-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қазіргі инновациялық даму кезеңіндегі ең өзекті мәселелердің бірі — киберқауіпсіздік, оның ішінде кәмелетке толмағандардың киберкеңістікті ең шектеусіз қолдануы. ~~Қазір~~ Бұл ғаламтор желісінде құқықбұзушылықтар тудырада, яғни киберқұқықбұзушылықтар. Бұл көптеген дау тудырады: жасөспірімдерді ғаламторда қалай қорғау керекпіз және олардың құқықтық жауапкершілігін қалай белгілейміз?

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына сәйкес біздің елімізде цензура жоқ, яғни сөз бостандығы қамтамасыз етілген және мемлекет оған кепілдік береді. Жеке тұлға, оның ішінде жасөспірім де, өз көзқарасын жеткізуге, өз пікірін қалдыруға құқылы. Алайда, сөз бостандығы адам өз сөздеріне мүлдем жауап бермейді дегенді білдірмейді. Егер әлеуметтік желідегі пікір жеке тұлғаның ар-ұятына, қадір-қасиетіне зардап әкелетін болса, ұлтаралық конфликт тудырса және заңсыз әрекетке шақырса, оны жазған адам жауапкершілікке тартылады.

Конституцияға сәйкес мемлекет әр тұлғаның қадір-қасиетіне қолсұғылмаушылықты кепіл береді; сондықтан басқа біреудің ар-намысына тию құқықбұзушылық болып табылады. Бұл жағдайда көбінесе әкімшілік жаза қолданылады, яғни айыппұл, қамаққа алу және кей жағдайда моральдық зардап үшін өтемақы болады. Сонымен қатар, балағат сөздер қолдану да әкімшілік жазаға жатады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Балағат сөздер қолдану үшін 20 АЕК айыппұл, кәмелетке толмағандар үшін 10 АЕК немесе/және түсіндіру және тәрбиелік жұмыстар жаза ретінде қолданылады.

Сондай-ақ, әкімшілік құқықбұзушылықтар қатарына жаңадан қосылған „Буллинг" бабы да жасөспірімдерге қарсы қолданылуы жиі кездеседі. Киберкеңістікте де буллинг жасау, яғни кибербуллинг жасау, жауаптылыққа тартылады.

Ұлтаралық конфликт тудыру күрделі кибер-құқықбұзушылықтарының бірі. Егер жоғарыдағы айтылған жағдайларда кәмелетке толмаған адам түсіндіру жұмыстарымен құтылып кете алатын болса, ұлтаралық конфликт бастау тіпті қылмыстық құқықбұзушылыққа жатады. Ол үшін 16 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс адам жауапқа тартылады.

Тағы да бір киберқылмыстың түрі — басқа адамдарды заңсыз әрекетке шақыру жатады. Оған 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Қылмыстық Кодекстің „Бандитизм", „Сепаратистік іс-әрекет", „Экстремизм" баптары бойынша құқық бұзуға шақыру жатады. Құқықбұзушылық жүзеге аспаса да, онлайн түрде банда немесе қылмыстық топ ұйымдастыру, жалған террористік акт туралы ақпарат тарату қылмыс санатына жатады. Сондықтан, заңсыз



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

іс-әрекеттерге шақыру үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ол үшін 14 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс тұлға жауап береді.

Қорытындылай келе, сөз бостандығы, әдеп нормасы және заң ~~тү~~ түсініктері өте тығыз байланысты. Сондықтан әлеуметтік желілерде, жеке чаттарда жазғанда ойланып, жазылған сөздің қандай жауапкершілікке әкелетінің ескере отырып жазу керек деп ойлаймын



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚК-11-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Құқық негіздері

Облыс/қала (область/город): Орал қ

Аудан (район): –

Тегі (Фамилия): Алиева

Аты (Имя): Еснура

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 DБАМОМЛИ

Сынып (Класс): 11

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ

"Тұтынушы құқықтарын қорғаудағы дәлелдеу міндеті: заң және тәжірибе"

Азаматтық қоғам, азаматтық құқық ұғымы өте ауқымды болып табылады. Жалпы азаматтық қоғам дегенде менің есіме бірден саяси плюрализм, бостандық, теңдік, саяси партиялар, ағылшын философтары, Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Л. Монтескье, Аристотель сияқты ассоциациялары ойыма келер еді. Бұл да, әрине, дұрыс бірақ азаматтық құқықты толық түсіну үшін оның бұдан да бөлек көптеген салалардағы қамтитын ауқымды құқықтық жүйенің бір бөлігі екендігі туралы ұмытпауымыз керек. Азаматтық құқық 2 бөлімнен тұрады, олар жалпы және ерекше. Жалпы бөлімі 1994 жылы 27 желтоқсанда, ал ерекше бөлімі 1999 жылы қабылданды. Еңбек құқығы, Халықаралық жария және жеке құқық, міндеттеме құқығы, тұтынушы құқығы сынды салалардың барлығы ішінара осы азаматтық құқықта қамтылады.

Азаматтық құқықтың маңызды салаларының бірі тұтынушылар құқығын қарастырып көрейік. Азаматтық құқықтың үлкен бір артықшылығы бұл күнделікті біз көретін қатынастардан құралғандығы. Күнделікті өмірде адам өз мүдделеріне сәйкес тұтынушы ретінде белгілі бір тауарды сатып алу барысында мәміле жасайды. Бұл өмірдегі қарапайым тұтынушылар құқығы саласы бойынша мысал. Жалпы "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңы 2010 жылы 4 мамырда қабылданды. Аталған құқықтық саласы сатып алу-сату шарты, келісімшарт, мәміле арқылы жүзеге асады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Құқықтық қатынас орын алған кезде мәмілеге қатысушылар саны бойынша мәміле көпжақты, екіжақты немесе біржақты болып бөлінеді. Бірақ біз қарастыратын құқықтық салада көбінесе екіжақты мәмілелер қолданылады. Аталған мәміле, сатып алу-сату шартында және "Тұтынушылар құқығы туралы" заңда тұтынушылардың құқықтары мен сатушының міндеттері қарастырылған. Тұтынушы қауіпсіз тауар алуға, тауарды еркін таңдауға, сапалы тауар алуға, егер тауар сапасыз болса оны айырбастап алуға немесе жеңілдік алуға құқылы. Ал сатушы өз кезегінде сапалы тауарды қамтамасыз етуге, тауарды еркін таңдайтын жағдай ұйымдастыруға, тауарды сақтауға және қауіпсіз тасымалдауға міндетті. Ескере кететін жайт кей жағдайларда бұл құқықтық қатынаста өндіруші аты үшінші тұлға болуы мүмкін, бірақ кей жағдайларда өндіруші де сатушы да бір тұлға. Атап өткеніміздей тұтынушы сапасыз тауар алған жағдайда айырбастап алуға құқылы, бірақ кейбір тауарлар мүлдем айырбасталмайды. Ондай тауар түрлеріне шұлық, іш киімдер, жеке гигиеналық заттар, дәрі-дәрмектер сонымен қатар метрмен өлшенетін тауарлар. Ал бұдан басқа тауарларды сатып алу күнінен кейін тек 14 күн мерзімінде айырбастауға болады. Кей жағдайларда мемлекет тауарлардың айналымын мүлдем алып тастауы немесе сатылымын шектеуі мүмкін. Сатылымды шектеу ~~үшін~~ көбінесе бағаны көтеру арқылы жүзеге асады. Мысалы, ішімдік немесе темекі секілді заттар ортаға әсерімен қарағанда осы

себепті қолайбатырақ болып келеді. Бұдан бөлек әртүрлі электронды немесе техникалық заттарға кепілдік береді. Бұл кепілдік егер зат бұзылып қалса тегін жөндеумен қамтамасыз етеді. Егерде кепілдік мерзімі аяқталмаса, ендеше тауарды бірнеше рет жөндеуге болады. Бірақ бұл қасақана келтірілген ауыр зардап болмауы керек.

Қорытындылай келе, біз түрлі тонаушылар құқығымен күн сайын кездесеміз, бірақ мұндай бұл салаға аса мән бермейміз. Негізінде бұл құқықтың жүйенің маңызды салаларының бірі болып табылады. Әрбір адам құқықтық сауатты болып, құқықтық психологиясын, санасын қалыптастыруы керек. Ол үшін өз құқықтары мен міндеттерін біліп, заңды бұзбай, мемлекеттің адал азаматы болуы қажет.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ